

Павлодар облысы Баянауыл ауданының Күркелі ауылдық округінің Бірінші май ауылын Жарылғап ауылы деп қайта атау туралы

Бірлескен Павлодар облыстық әкімдігінің және Павлодар облыстық мәслихатының 2011 жылғы 31 қаңтардағы N 341/31 қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 21 ақпанда N 3181 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Баянауыл ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2007 жылғы 23 шілдедегі N 295/15 бірлескен шешіміне, облыстық ономастика комиссиясының 2009 жылғы 13 наурыздағы қорытындысына және облыс әкімдігінің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы "Павлодар облысының кейбір елді мекендерін қайта атау туралы" N 304/19 қаулысына сәйкес, баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округі Бірінші май ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына келесі өзгеріс енгізілсін: Баянауыл ауданының Күркелі ауылдық округінің Бірінші май ауылы Жарылғап ауылы деп қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Облыс әкімі

Р. Гафуров
Б. Сағынтаев